«Біртұтас ел - Біртұтас жер»
www.sarbaz.kz
SARBAZ
Qozyl Äsker
БОЕВОЕ ЗНАМЯ
КАЗАКСТАН САРБАЗЫ
ВОИН КАЗАХСТАНА
№5 (2172) – 31 ҚАҢТАР 2025 жыл
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ГАЗЕТ

# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІ РУСЛАН ЖАҚСЫЛЫҚОВТЫ ҚАБЫЛДАДЫ

***Президент – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа қорғаныс ведомствосының былтыр атқарған қызметі туралы есеп берілді.***



Мемлекет басшысына армияның жауынгерлік дайындығының жай-күйі мен әскерлерді даярлаудың жаңа тәсілдері жөнінде баяндалды.

Руслан Жақсылықов мемлекеттік қорғаныс тапсырысын орындау, әлеуметтік және идеологиялық жұмыстарды жүргізу, сондай-ақ әскери инфрақұрылымды дамыту барысы жайында айтты.

Кездесу соңында Жоғарғы Бас қолбасшы Қасым-Жомарт Тоқаев Министрге армияның жауынгерлік әлеуетін көтеруге, басқару үдерістерін одан әрі цифрландыруға, Арнайы операциялар күштерін дамытуға, әлеуметтік-идеологиялық жұмыстарды күшейтуге қатысты нақты тапсырмалар берді.

# АРМИЯ ҮЙІНДЕ ТӘРБИЕШІ-ОФИЦЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

***ҚР Қарулы Күштері Ұлттық әскери-патриоттық орталығының Алматы филиалында Қорғаныс министрінің орынбасары генерал-майор Шайх-Хасан Жазықбаевтың басшылығымен салтанатты жиын өтті.***




Іс-шараға Қорғаныс министрлігінің басшылығы, Алматы гарнизонының әскери қызметшілері, курсанттар, "Жас сарбаз" әскери-патриоттық қозғалысының тәрбиеленушілері, Қарулы Күштердің ардагерлері қатысты.

Салтанатты рәсім Ту тобы, құрметті қарауыл және әскери оркестрдің сүйемелдеуімен өтті. Жиналғандар қаза тапқан жауынгерлерді бір минут үнсіздікпен еске алды.

Қорғаныс министрінің тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары генерал-майор Шайх-Хасан Жазықбаев өз сөзінде әскери дәстүрлерді сақтаудың және өз өмірі үшін бейбітшілікті қорғағандарды еске алудың маңыздылығын атап өтті.

– Біз батырларымыздың ерлігін құрметтейміз және олар туралы естеліктерді болашақ ұрпаққа жеткізуге міндеттіміз. Біздің міндетіміз – ардагерлерді олардың еңбегі мен адалдығы үшін қамқорлық пен ризашылықпен қолдау, - деді ол.

Батырлардың ерлігін құрметтеу үшін әскери оркестрдің алаңдағы шеруі кезінде Мәңгілік алаудың алдында әскери ЖОО-ның офицер-тәрбиешілері, курсанттары, "Жас ұлан" республикалық мектебінің және "Жас сарбаз" қозғалысының тәрбиеленушілері сап түзеп жүріп өтті.

Сол күні Қорғаныс министрінің орынбасары генерал-майор Шайх-Хасан Жазықбаев Ұлы Отан соғысының ардагері Федор Прохорович Блиновқа барды. Ол майдангерге өзінің әскери еңбегі үшін ризашылығын білдіріп, оған Қорғаныс министрі генерал-полковник Руслан Жақсылықовтың атынан құттықтау хат табыс етті.

Биыл 10 қаңтарда Федор Прохорович 101 жасқа толды. Ол Шығыс Қазақстан облысы, Зырян ауданы, Александровка ауылында дүниеге келген. Соғыс кезінде байланысшы болып қызмет етті. Беларусь, Украина, Польша және Чехословакияны азат ету үшін шайқастарға қатысты. Жеңісті Германияда қарсы алды

Ол І және ІІ дәрежелі Отан соғысы орденімен, "Ерлігі үшін", "Германияны жеңгені үшін" медальдарымен және басқа да наградалармен марапатталды.

Бүгінде Федор Прохорович қызымен бірге тұрады. Ол – бес баласы, 55 немересі және бірнеше шөбересі бар үлкен отбасының басшысы.

Айта кету керек, бүгінгі таңда Алматы қаласында Ұлы Отан соғысының 25 қатысушысы ғана тұрады. Олардың әрқайсысы Қарулы Күштердің әскери қызметшілері мен жоғары оқу орындары курсанттарының назары мен қамқорлығында.

Жеңістің 80 жылдығына арналған естелік акциялар мен іс-шаралар еліміз бойынша жалғасуда. Ұрпақтарды біріктіріп, Ұлы Отан соғысының батырларын еске алады.



# «ЛЕНИНГРАДТЫҚ ӨРЕНІМ!» КӨРМЕСІ АШЫЛДЫ

***Президент – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа қорғаныс ведомствосының былтыр атқарған қызметі туралы есеп берілді.***

Оған қоршаудан аман қалған азаматтар Қарулы Күштердің ардагерлері, Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы әскери колледж кадеттері, «Жас сарбаз» балалар-жасөспірімдер қозғалысының тәрбиеленушілері қатысты.

Көрмеге келушілерге Ұлы Отан соғысына қатысушылардың фотосуреттері, Ленинград маңындағы шайқас орындарынан іздеу жұмыстары барысында табылған жәдігерлер: снарядтардың қалдықтары, жауынгерлердің құжаттары мен жеке заттары көрсетілді.

– Ленинградты ерлікпен қорғап, жауға бермеу Ұлы Отан соғысы тарихында ерекше орын алады. Қала үшін шайқас 900 күнге созылды, ол шайқастарда жауынгерлер ғана емес, көптеген бейбіт тұрғындар да қаза тапты. Қазақстан Нева өзенінің жағасында орналасқан қаланы азат етуге елеулі үлес қосты. Біздің елде құрылған әскери бөлімдердің үштен бірі онда шайқасқа қатысты. Олардың ішінде 310-шы және 314-ші атқыштар дивизиясы да бар, – деді генерал-майор Шайх-Хасан Жазықбаев.

Министрдің орынбасары сондай-ақ, мерген Сәрсембай Рүстембековтің, бөлімше командирі Жолдас Арықбаевтың, пулеметші аға лейтенант Тастақ Назаровтың, қатардағы жауынгер Илгиз Тасбаевтың, аға сержанттар Иван Гуз бен Шанхан Қосоевтың шайқастарда көрсеткен ерліктерін атап өтті.

– Жастар өз денесімен жаудың амбразурасын жауып, Кеңес Одағының Батыры атағын алған Сұлтан Баймағамбетовтің ерлігін ұмытпауы керек. Қазақ халқының даңқты қыздары, қос қарлығашы Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова да жоғары дәрежелі құрметке ие болды, – деп толықтырды ол.

Іс-шараға қатысқан 1942 жылы туған Гельдир Валеевтің қоршауда қалған қала жайлы естеліктер жадында қалмапты. Ата-анасы да баласына сұрапыл соғыс пен аштық жайлы айтпауды жөн көріпті.

Ленинградтың басына туған күн қазақтың ұлы ақыны Жамбыл Жабаевтың шығармашылығында ерекше орын алғаны белгілі, ақын ең қиын кезең, 1941 жылдың күзінде қала тұрғындарын өлеңімен рухтандырды. Оның «Ленинградтық өренім» өлеңін Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қарулы Күштер Орталық ансамблінің солисі Нұрлан Нұртазин оқыды.





ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 80 ЖЫЛ
ЖЕҢІС ҮШІН АЛҒЫС АЙТТЫ
3 - бетте



ЗАМАНАУИ
МЕРЕЙТОЙҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ
5 - бетте



АРМЕЙСКИЕ БУДНИ
«ГЛАЗА И УШИ» КОМАНДИРА
Стр. 6

# СЛАВНАЯ ДОЧЬ КАЗАХСКОГО НАРОДА

*В Астане в день полного снятия блокады Ленинграда состоялась церемония возложения цветов к памятнику Героя Советского Союза Алии Молдагуловой.*



В ней приняли участие представители высшего состава руководства оборонного ведомства, военнослужащие Акмолинского гарнизона, ветераны Вооруженных сил, воспитанники военно-патриотического движения «Жас сарбаз», внучка Абубакира Молдагулова, у которого воспитывалась Алия, Жулдыз Нуртас.

Церемония прошла в сопровождении знаменной группы, роты почетного караула и военного оркестра. Торжественность моменту придали часовые у памятника Герою Советского Союза Алие Молдагуловой. Присутствующие почтили память героев, погибших в Великой Отечественной войне, минутой молчания.

Заместитель министра обороны по воспитательной и идеологической работе генерал-майор Шайх-Хасан Жазыкбаев отметил, что Великая Отечественная война стала большим испытанием для народа Казахстана. Из республики на фронт ушли миллион двести тысяч казахстанцев, из них шестьсот тысяч не вернулись.

– Наши земляки участвовали во всех без исключения битвах, начиная от обороны Брестской крепости до водружения знамени Победы над Рейхстагом в Берлине, – сказал замглавы оборонного ведомства. – Казахстан внес огромный вклад в оборону и освобождение города на Неве. В ожесточенных боях за осажденный город героически погибла великая дочь казахского народа Алия Молдагулова. Она – символ мужества, патриотизма и самопожертвования. Ее боевые заслуги, храбрость и решимость в борьбе с фашизмом вдохновляют нас и сегодня.

В обороне города на Неве участвовали 310-я стрелковая дивизия из г. Акмолы и 314-я из г. Петропавловска. Полностью освободить Ленинград от вражеской блокады удалось лишь в январе 1944 года. В ходе Ленинградско-Новгородской операции 14 января погибла Алия Молдагулова, проявившая беспрецедентный героизм.

– Алия Молдагулова доказала, что сила духа и отвага не зависят от возраста, пола или происхождения. Память о Великой Отечественной войне, о подвигах казахстанцев укрепляет наш дух и помогает нам помнить, что мир, в котором мы живем сегодня, был завоеван тяжелой ценой. Мы обязаны сохранить эту память и передать ее будущим поколениям, – подчеркнул генерал-майор Шайх-Хасан Жазыкбаев.

Добавим, что церемония стала не только данью уважения памяти Алии Молдагуловой, но и дала старт всем мероприятиям, которые будут проводиться в Вооруженных силах РК к 80-летию Победы в Великой Отечественной войне.

# МИР БЛАГОДАРЯ ГЕРОИЗМУ И СТОЙКОСТИ

*Группа офицеров во главе с начальником департамента воспитательной и идеологической работы Министерства обороны РК полковником юстиции Тлеуханом Басхожаевым навестила фронтовиков.*



При встрече с 99-летним ветераном Великой Отечественной войны Анатолием Назаровичем Поповым полковник юстиции Тлеухан Басхожаев вручил фронтовику поздравительное письмо от имени министра обороны генерал-полковника Руслана Жаксылыкова.

Несколько дней назад Анатолий Назарович отпраздновал свой 99-й день рождения. Уроженец города Каскелена Алматинской области с 1943 года воевал на Прибалтийском фронте, обучившись на военного связиста.

Сегодня грудь фронтовика украшают орден Отечественной войны II степени, медали «За освобождение Риги», «За победу над Германией» и множество юбилейных наград.

– На долю вашего поколения выпали жестокие испытания. Но вы выстояли и одержали победу над сильным врагом. Благодаря вашему героизму и солдатской стойкости, на нашей земле был установлен мир, – сказал полковник юстиции Тлеухан Басхожаев.

После окончательного разгрома фашистских захватчиков Анатолий Назарович продолжил службу в армии. В 1952 году он поступил в Саратовское военное медицинское училище. Служил в Германии, а в 1955 году вернулся в родные края и более 30 лет проработал в городской санэпидстанции. С супругой Тамарой Анатолий Назарович воспитал трех дочерей. Сегодня у ветерана четверо внуков и шестеро правнуков.

Военнослужащие посетили также Тамару Александровну Максимову, которая свой 101 год рождения встретит 23 апреля. Во время войны она работала в госпитале на Волоколамском шоссе. Сначала – в регистратуре, затем – медицинской сестрой. Ухаживала за тяжелоранеными бойцами, писала письма за тех, кто не мог делать это самостоятельно. В госпитале она встретила будущего мужа Константина, с которым счастливо прожила до 2007 года.

В 1943 году из-за тяжелого ранения она была уволена по состоянию здоровья. После войны целеустремленная девушка экстерном окончила 10-й класс и поступила в московский институт на историко-филологический факультет. Получив степень кандидата наук, работала в Казахском национальном университете имени аль-Фараби.

Заслуги Тамары Александровны отмечены орденом Отечественной войны II степени, медалью «За оборону Москвы» и другими наградами.

Представители ведомства поблагодарили ветеранов войны за жизнестойкость, мужество, пожелали им долголетия и благополучия.



# КОНКУРС «ОТАН ДАУЫСЫ» ПОСВЯТИЛИ 80-ЛЕТИЮ ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ

*В Алматы состоялся конкурс военно-патриотической песни «Отан дауысы» с участием воспитанников военно-патриотических клубов, учащихся школ и студентов колледжей.*



Организаторами мероприятия выступили городской учебно-практический центр физической культуры и спорта Управления образования г. Алматы, республиканское детско-юношеское движение «Жас сарбаз» и Национальный военно-патриотический центр Вооруженных Сил РК.

Жюри оценивало конкурсантов по исполнительскому мастерству, артистизму, актерским и хореографическим данным, оригинальности композиции и сценическому костюму. Особое внимание уделялось авторской песне.

Авторитетную коллегию судей возглавила внучка легендарного комдива генерал-майора Ивана Панфилова, заместитель начальника Национального военно-патриотического центра – начальник отдела военно-исторических ценностей Музея боевой славы г. Алматы Алуа Байкадамова.



Обладателем Гран-при стала Юлия Макс из гимназии №27. Ей вручили денежное вознаграждение, кубок и подарочный сертификат на десять уроков по вокалу от тренеров шоу X-Factor Бека Оралбекова и Гульжиан Оспановой. Первое место заняла Алуанай Сапи из той же гимназии. Второе место досталось Тимуру Кирилову из школы-гимназии №118, третье – Алсу Алхановой из гимназии №78. Призеры конкурса получили статуэтки «Отан дауысы» и сертификаты на обучение вокалу.

Фестиваль «Отан дауысы» стал ярким событием, направленным на развитие чувства патриотизма у подрастающего поколения, сохранение исторической памяти и поддержку юных талантов.

# ОБМЕН ОПЫТОМ СРЕДИ МЕЖДУНАРОДНЫХ ГРУПП СПЕЦНАЗА

*Команда Сил специальных операций примет участие в международных соревнованиях специальных подразделений «The UAE SWAT Challenge», которые имеют статус главного испытания спецназа и пройдут в Дубае с 1 по 5 февраля.*




В соревнованиях примет участие 121 команда из более 70 стран. Общее количество участников составит свыше 1300 человек. Всего от Вооруженных Сил, других войск и воинских формирований Казахстана примут участие 12 команд.

Соревнования нацелены на обмен опытом среди международных групп спецназа, повышение навыков, демонстрацию выучки подразделений. Командам-участницам предстоит пройти пять сложнейших испытаний в разных тактических категориях, где необходимо проявить точность и командную работу. Все они будут проходить на базе специализированного учебного центра спецназа Дубая.

Организаторы ставят перед собой задачу – наладить сотрудничество между всеми командами SWAT на глобальном уровне и предоставить возможность участникам усовершенствовать профессиональные стандарты спецподразделений.

На сегодняшний день команда Сил специальных операций Вооруженных Сил Республики Казахстан «Жаубасар» проходит активную фазу подготовки к соревнованиям в городе Шарджа.

В соревнованиях примет участие 121 команда из более 70 стран. Общее количество участников составит свыше 1300 человек. Всего от Вооруженных Сил, других войск и воинских формирований Казахстана примут участие 12 команд.

Соревнования нацелены на обмен опытом среди международных групп спецназа, повышение навыков, демонстрацию выучки подразделений. Командам-участницам предстоит пройти пять сложнейших испытаний в разных тактических категориях, где необходимо проявить точность и командную работу. Все они будут проходить на базе специализированного учебного центра спецназа Дубая.

Организаторы ставят перед собой задачу – наладить сотрудничество между всеми командами SWAT на глобальном уровне и предоставить возможность участникам усовершенствовать профессиональные стандарты спецподразделений.

На сегодняшний день команда Сил специальных операций Вооруженных Сил Республики Казахстан «Жаубасар» проходит активную фазу подготовки к соревнованиям в городе Шарджа.

# МҰХАМЕДҚҰЛДЫ МҰҚЫМ ЕЛ ҰЛЫҚТАУЫ ТИІС



*Алматыдағы іс-сапарымыз Екінші дүниежүзілік соғыста ерекше ерлік көрсетіп, қаһармандықпен қаза тапқан батальон командирі Мұхамедқұл Исламқұловтың келіні Бибіхан Кәуісқызының шаңырағына барумен жалғасты. Бізді түсте құшақ жайып қарсы алған батырдың келіні Бибіхан жеңгемізбен әңгімеміздің қызғаны соншалықты, кешкі сағат жетіге дейін жалғасты. Аты аңызға айналған батыр Бауыржан Момышұлының өзі қазасына қабырғасы қайысып, керемет жыр арнап жоқтаған қанмайдандағы қандыкөйлек досы Мұхамедқұл Исламқұлов кім? Алдымен осы сұраққа жауап беріп кетейік.*

Ол үшін Баукеңнің атақты «Москва үшін шайқас» кітабына көз жүгіртейік.

«Бірнеше күн, бірнеше түн соғыстық. Исламқұловтың батальоны алғы шепте еді. Ең жауапты жерлерде болды. «Бәрін айт та, бірін айт» дегендей, Соколово қыстағында дұшпан бізді тықсырып қоршай бастады. Исламқұловты шақырып алдым.

– Мұха! Жағдайды көріп отырсыз ғой. Мен полкты алып шығуым керек, нақ осы жерден. Алып шығу оңай емес, сол себепті сізді тосқауылға тастап кетемін.

– Түсіндім, Бауке! Полкті аман алып қалу үшін бір батальонды жаудың арандай ашылған аузына тығын болсын деп тастай салғанмен бірдей бұл.

Мен полкты қоршаудан шығарып, жаңа шепке алып келдім. Екі күннен кейін Исламқұлов бізді қуып жетті».

Яғни, Баукеңнің өзі ерлігін «Полкті аман алып қалу үшін бір батальонды жаудың арандай ашылған аузына тығын болсын деп тастай салғанмен бірдей бұл» деп бағалаған лейтенант Мұхамедқұл Исламқұлов кім?

«Мұхамедқұл Исламқұлов – 1906 жылы Шымкент губерниясының Арыс-Бадам өңірінде дүниеге келген, 20-жылдары Ташкентте ашылған Орта Азия мемлекеттік университетінің журналистика факультетін алғашқылардың бірі болып бітірген азамат. Мұхаметқұл кейін мектепте, аудандық газетте, губерния аппаратында қызмет істеген. 30-жылдары «Оңтүстік Қазақстан» газетінің тұңғыш редакторы болған Бейсенбай Кенжебаев оны осы газетке тілші етіп алады. Сол жерден Мұхаң «Социалистік Қазақстан» газетіне ауысып, соғыстың алдындағы екі жыл Алматыда қызмет етеді. Мұхамедқұл Исламқұлов соғысқа «Социалистік Қазақстан» газеті редакциясынан аттанады.

1941 жылдың шілдесінде Талғардағы жаңадан жасақталып жатқан, 316-атқыштар дивизиясына өз еркімен барып жазылады. 316-шы демекші, Қазақстанда, генерал-майор И.В.Панфиловтың жетекшілігімен жасақталған бұл дивизияны Жоғарғы Бас қолбасшының Мәскеуді алуға ұмтылған фашистердің ең басты күші жұмылдырылған күре жолды қорғауға жіберуі де кездейсоқтық емес. Басқа-басқа, патшалық империя тұсында да, кеңес кезеңінде де қазақ халқының кім екендігін зерттегендер, зерттеу нәтижесін мемлекеттің пайдасы үшін дұрыс пайдалана білуге ұмтылғандар аз болмаған. Мәскеуді төсін төсеп қорғаудан басталып, Сталинградта жалғасын тауып, Берлинге бірінші болып Ту тігумен аяқталған, «Жаным – арымның садағасы» деген ұстаныммен тәрбиеленіп өскен қазақ ұлтының батырлық, ерлік қасиеті Ұлы Отан соғысында барынша жарқырап көрінді. Оны тұңғыш дәлелдеген осы 316-шы, кейін 8-ші гвардиялық деп аталған И.В.Панфиловтың дивизиясы еді. Мұхаметқұл үнемі басқа батальондағы взвод, рота командирі, штаб бастығы болып келгенімен, соғыс барысында бүкіл 1941 жылғы шайқас барысында Баукеңнің батальонымен үнемі көрші шепте иық тіресе айқасты. Талай рет атақты комбатқа көмек қолын да созды. Оған мысалдарды әскери жазушы А.Бектің «Волоколамск тас жолы» романынан кездестіруге болады. «...Ура!» біз де, немістер де күтпеген тұстан естілді. Мен бұл өзімізге басқа жақтан көмекке жіберілген лейтенант Исламқұловтың взводы екенін түсіндім. Ең шешуші сағатта ол өзін нағыз батыл да айлалы жауынгер ретінде көрсете білді. Бұл жаудың артына байқатпай шығу, қолайлы сәтті күтіп, сол сәт туғанда атылу оңай іс емес».

Бұл Мұхамедқұл Исламқұловтың ерлігін бағалау туралы «Қазақ үні» газетінде 15 жылдан бері маңызды мақалалар жазып келе жатқан белгілі журналист Ө.Ақжігіттің «Бауыржан бағалаған лейтенант Исламқұловты біз қашан бағалайтын боламыз?» атты кезекті мақаласынан үзінді. («Қазақ үні», 07.04. 2022.)

Мұхамедқұл Исламқұловтың ерлігін әйгілі батыр генерал Панфиловтың өзі де бағалаған. Тағы да Баукеңнің кітабын оқиық: «... – Жолдас Момышұлы, бүгін сіздің Горюныдағы позицияңызға неміс танкілері шығуы керек еді, бірақ, шыға алмады. Бізге әзір беймәлім резервіміз бұл соққыға өз кеудесін тосты. Танкілерді тас жолға шығармады. Кімдер олар? Полк штабымен байланыс жоқ, - деді генерал Панфилов... Ротасымен Ядрово селосын қорғап тұрған Исламқұловты батальон штабына шақырады».

Бұл жердегі Панфилов сұрап отырған, «Бауыржан Момышұлының Горюныдағы позициясына шабуыл жасауы тиіс неміс танкілері соққысына өз кеудесін тосып, танкілерді тас жолға шығармаған» беймәлім резерв Мұхамедқұл Исламқұловтың ротасы еді. «...Жарайсың, Мұхаметқұл! Сен өте үлкен күшті – тұтқиылдаған болған соққыны қайтара алдың. Генерал бүгін «бұл қандай резерв?» деп сұрап еді, ол резервтің кім екені енді белгілі болды», - деп жазады Б.Момышұлы.

«Сондықтан да генерал-лейтенант К.К.Рокоссовский: «Бүкіл Қызыл Армия бойынша білмеймін, бірақ менің 16-шы армиямдағы полк басқаратын аға лейтенант жалғыз сіз ғанасыз», - деп Бауыржан Момышұлын полк командирі етіп тағайындаған кезде ол өзінің орнына Исламқұловты қойып кетті. Бір емес бес (!) рет қоршауға түссе де соның бәрінен Баукең секілді командирімен бірге абыроймен шығып отырған, тәні шыныққан, рухы шыңдалған, генерал И.В.Панфиловтың резервіне, яғни оң қолына, оның ең қиын да қатерлі шайқасқа апарып салатын алмас қылышына айналған, дивизияның жеңіс жолындағы еңбегіне сіңірген үлесі кейбір полктан асып түспесе, кем соқпаған ерке де серке батальонның бұдан былайғы тізгінін ұстау ерлерді басқаратын ереннің ғана қолынан келетін тірлік еді. Әрине, батыр Бауыржан да бұны бәрінен жақсы түсінді.» («Бауыржан бағалаған лейтенант Исламқұловты біз қашан бағалайтын боламыз?» Ө.Ақжігіт. «Қазақ үні», 07.04. 2022.)

Баукең бұл оқиғаны «Лениншіл жас» газетінің 1970 жылғы 6 маусымдағы санында басылған досы Мұхамедқұл Исламқұловты еске алған «Арысым еді...» атты естелігінде еске алады. «Қайтып келе жатып жолда: «От пен судан өткен батальонымды кімге сеніп тапсырамын?» деп ойлап келемін. Көп ойланып, көп толғанып, батальонымды Мұхаметқұл Исламқұловқа тапсыруға шешімге келдім».

Баукеңнің бұл ойы қалай жүзеге асқаны өзінің «Москва үшін шайқас» атты кітабында егжей-тегжейлі суреттеледі. Комиссардың Мұхамедқұлды «коммунист емес, болыстың баласы» деп қарсы болғанына қарамай, лейтенант Исламқұловты өзінің орнына батальон комадирі етіп тағайындайды.

Кейін Баукең 1969 жылы Сарыағашта демалып жатқанда, өзін іздеп келген Мұхамедқұлдың жалғыз ұлы Қайрат Исламқұловқа өзінің Мұхамедқұл Исламқұловты Кеңес Одағының Батыры атағына бір емес, екі рет ұсынғанын, бірақ болыстың баласы болғаны себепті оның атын құжаттардан сызып тастағанын айтты.

Қайрат Мұхамедқұл Стамқұлов (Исламқұлов) (01.07.1940 - 24.02.2017) техника ғылымының докторы, профессор, «Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері» атағын алған ғылыми ортаға белгілі ғалым еді. Ол көп жыл бойы Қазақ химия-технологиялық институтында, 1992 жылдан бері Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде проректор, кеңесші болып абыройлы қызмет атқарған. Қайрекең 1 монография, 12 оқу құралының авторы, 15 өнертапқыштық куәлік иегері. Оның 3-уі аса маңызды құпия еңбек болып табылады.

Қайрат ағамыздың асыл жары Бибіхан жеңгейдің атасы, Мұхамедқұл Исламқұловтың ерлігін насихаттап, құжаттарын түгендеу барысындағы жанкешті тірлігінің өзі ерлікке барабар.



Бибіхан жеңгейдің 1985 жылдан бастап, 27 жылға жуық Ресейдегі Мәскеу маңындағы соғыс болған жерлерге хат жазуының арқасында Мұхамедқұл Исламқұловтың ерлікпен қаза тапқан жері 2012 жылы табылды. Мәскеу облысы, Ожедово селосында қаза тауып, Новгород облысы, «Старая Русса» қаласынан 90 км жердегі Давыдова селосындағы әскери қорымда жерленген екен.

Сол 2012 жылы батырдың ұлы Қайрат екеуі барып, тағзым етіп, құран бағыштап, туған жер топырағын тастап келді. Кейін 2014 жылы бірге барып, деректі фильм түсіріп келген белгілі журналист, «Айғақ» телеарнасы басшысы Дулат Әбішке алғыс айтамыз.

«Социалистік Қазақстан» газеті редакциясынан соғысқа аттанған батыр Мұхамедқұл Исламқұлұлы туралы «Егемен Қазақстан» газетінде де бірнеше рет мақалалар жариялаған Серік Пірназар, Гүлзейнеп Сәдірқызы секілді белгілі журналистерге көп рахмет.

Батырдың келіні Бибіхан жеңгейден осы уақытқа дейін жинаған барлық құжаттарды алып тұрып, батырдың ерлігіне сай бағалану мәселесі тек бір отбасының шаруасы емес, қоғамның, еліміздің парызы екенін айтып, қоштастық.

Биыл Ұлы Жеңістің 80 жылдығы! Қазақстан Тәуелсіздік алғалы Кеңес Одағы кезінде келеңсіздіктермен Кеңес Одағы Батыры атағы әділетсіз берілмей келген батырларымыз Б. Момышұлы, Р.Қошқарбаев, Қ.Қайсенов, Х.Доспановаларға «Қазақстанның Халық қаһарманы» атағы берілді. Бұған бүкіл ел риза болуда. Кейінгі кезде бұрын аты белгісіз болып келген соғыс ардагерлеріне де осындай жоғары атақ беріп келеміз.

Ал енді батыр Бауыржан бағалап, жыр арнап, «Кеңес Одағының Батыры» атағына екі рет ұсынған нағыз от пен оқтың ішінде Отанын қорғауда асқан ерлікпен қаза тапқан батырымыз Мұхамедқұл Исламқұловқа «Қазақстанның Халық қаһарманы» атағын беру! Баукең 1963 жылғы хатында: «Мен М.Исламқұловтың ерлігі туралы ондаған қазақ және орыс тіліндегі еңбектерімде жариялап, оның әруағы алдында жеке моральдық парызымды орындадым» деп жазыпты.

Баукең Мұхамедқұл Исламқұлов алдындағы парызын орындағанын осыдан 62 жыл бұрын жариялады.

Ал біз қашан орындаймыз?

**Қазыбек ИСА,**
**ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты, ақын**

# «ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР»

*Осындай тақырыпта Ленинград қаласының неміс-фашист басқыншыларының қоршауынан толықтай азат етілгеніне 81 жыл толуына арналып Семейдегі «Жас ұлан» ерлер лицейінде Ерлік сабағы өтті.*

Оған қатысушылар Екінші дүниежүзілік соғыстағы қазақстандықтардың қаһарман ерліктерін құрметпен еске алып, бір минут үнсіздікте тұрды. Ерлік сабағына лицейдің тәрбиеленушілері, алғашқы әскери-техникалық даярлық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушылары, бірқатар жоғарғы оқу орындары мен қоғамдық ұйымдар өкілдері келді. Қатысушылардың назарына лицей мұражайының жаңа экспонаттары мен әскери-мемуарлық және көркем әдебиет көрмесі ұсынылды. Ұлы Отан соғысының батырлары атындағы сыныптар мен аудиториялар да көрсетілді.

Баяндама жасағандар Ленинградты қорғаудағы ерлік пен батырлыққа толы 900 күн жайында мол мағлұмат берді. Ленинград қаласын азат еткен семейлік Ұлы Отан соғысының ардагерлері В.Загорчик, В.Подхалюзин, С.Рамазанов, И.Топатаев, К.Байыров, С.Омаров ерліктері туралы да айтты. «1944 жылдың қаңтар айы ерлік пен батырлыққа, қайғы мен қасіретке толы кезең ретінде тарих бетінде жазылды. 900 күнге созылған ірі шайқаста Қазақстанда құрылған 314-ші атқыштар дивизиясы және 156 қазақстандық әскери борышын өтеген «Киров» крейсерінің экипажы ерен ерлік жасады. Қазақ жерінде негізі қаланған Волхов майданының 310-шы атқыштар дивизиясы мен Ленинград майданының 314-ші атқыштар дивизиясы жауынгерлерінің, 48-ші және 314-ші атқыштар дивизияларының мергендері Дүйсенбай Шыныбеков пен ДЗОТ амбразурасын кеудесімен жапқан Сұлтан Баймағамбетовтың ерлігі есімізде. Нева бойындағы қаланың қорғанысы үшін Кеңес Одағының Батыры атағын алған 226 адамның арасында 9 қазақстандық бар», - деді өз баяндамасында ҚР Қарулы Күштерінің ардагері, запастағы полковник Александр Коновалов.

Шара соңында соғыс және еңбек ардагерлерінің халықтық хоры Ұлы Отан соғысы жылдарындағы халықтың өшпес ерлігін жырлаған әндерді шырқады. Жас ұрпаққа әскери-патриоттық тәрбие беруге үлес қосқан бір топ белсенді мақтау грамотасымен марапатталды.





# ЖЕҢІС ҮШІН АЛҒЫС АЙТТЫ

*Абай облысы қорғаныс істері жөніндегі департамент әскерилері Ұлы Отан соғысының ардагері Иван Романович Шевцовты 99 жасқа толуымен құттықтап барды.*

Иван Шевцов – Алтай өлкесіндегі Антоновка селосының тумасы. Қызыл әскер қатарына шақырылған ол Польша мен Чехословакияны азат етуге қатысқан. Майдан даласындағы ерліктері үшін «ІІ дәрежелі Отан соғысы» және «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен, «Адал еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Соғыстан кейінгі жылдары «Қазэлектромонтаж» кәсіпорнында учаске бастығы болып еңбек етті.

Абай облысы департамент бастығының орынбасары – Абай облысы қорғаныс істері департаментінің тәрбие және идеологиялық жұмыстары басқармасының бастығы подполковник Қанат Шәріпханов қарт жауынгерді 99 жасқа толуымен құттықтап, ізгі тілегін білдірді. Ұлы Жеңістің 80 жылдығымен де құттықтады. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары Отанды қорғауға қосқан үлесі мен жауынгерлік ерлігі үшін зор алғысын жеткізді. Әскери оркестрдің орындауындағы соғыс жылдарындағы әуендер ардагердің көңілін марқайтып тастады.

**Алуа Искакова**
**Суретті түсірген автор**

# НАДЕЖНЫЙ БАЗИС БОЕГОТОВНОСТИ И БОЕСПОСОБНОСТИ АРМИИ

***Эффективность деятельности Вооруженных Сил во многом зависит от сохранения и развития кадрового потенциала, наличия в армии профессионалов с современным мышлением и прочной духовно-нравственной основой. Поэтому важнейшая цель - создание условий, в которых военнослужащие смогут реализовать свои способности, обеспечивая высокий уровень боеготовности войск. О формировании кадрового резерва, аттестационной проверке военнослужащих, а также изменениях в законодательстве относительно прохождения воинской службы рассказал в интервью начальник Департамента кадров Министерства обороны РК полковник Меирбек Нурбаев.***

**- Меирбек Мухаметалиевич, в чем заключается работа Департамента кадров Министерства обороны? Каковы его цели и задачи?**

- В соответствии с Положением о Департаменте кадров Министерства обороны Республики Казахстан, утвержденным приказом министра обороны от 6 апреля 2022 года № 185, Департамент кадров является структурным подразделением Министерства обороны, обеспечивающим единую кадровую политику в Вооруженных Силах.

Основными задачами Департамента кадров являются:

- организация работы с офицерским, сержантским и рядовым составами;
- организация аттестации военнослужащих офицерского, сержантского и рядового состава в Вооруженных Силах, формирование кадрового резерва;
- организация работы по присвоению, снижению, лишению и восстановлению воинских званий офицерского, сержантского и рядового состава согласно перечню должностных лиц и награждению;
- организация работы по учету военнослужащих, проходящих воинскую службу по контракту в Вооруженных Силах и ведение кадровой документации;
- организация работы по обеспечению военнослужащих офицерского состава Вооруженных Сил удостоверениями и жетонами с личными номерами;
- ведение кадровой работы с гражданским персоналом Министерства обороны и Генерального штаба;
- совершенствование кадровой работы путем внесения изменений и дополнений в нормативные правовые акты по вопросам прохождения воинской службы;
- участие в формировании государственной политики в области кадрового обеспечения Вооруженных Сил.

Эффективность деятельности Вооруженных Сил будет определяться тем, насколько удастся решить проблемы сохранения и реализации кадрового потенциала, выдвижения на ответственные руководящие должности людей с современным научным мышлением, профессионалов военного дела, обладающих развитой способностью к продуктивной деятельности, отражению новых угроз и вызовов времени, прочной духовно-нравственной основой.

Главной целью реализации этой работы является создание благоприятных условий для службы в Вооруженных Силах, при которых военнослужащий смог бы реализовать свои способности, потребности и интересы, а также обеспечить высокий уровень боеготовности войск, формирование высококомпетентного воинского коллектива, поддержание укомплектованности личным составом на уровне, позволяющем эффективно, качественно и оперативно решать поставленные перед Вооруженными Силами задачи.

Достижение этой цели реализуется путем решения следующих задач:

- обеспечением прозрачности и объективности процессов отбора, организации подготовки и расстановки кадров с учетом эффективного использования мастерства и квалификационного потенциала каждого военнослужащего;
- совершенствованием института ротации офицерского состава с обеспечением баланса между служебной необходимостью таких перемещений и обеспечением более эффективного использования профессионального потенциала военнослужащих;
- совершенствованием института резерва кадров как востребованного и действенного инструмента стимулирования карьерного роста военнослужащих;
- формированием антикоррупционного мировоззрения офицерского состава с гарантированным получением социальных льгот и выгод при соблюдении уставных требований воинской службы;
- привитием высокого чувства казахстанского патриотизма, честности

и преданности выбранной профессии на фоне постоянного внимания со стороны руководства страны к вопросам развития Вооруженных Сил.

Основной задачей кадровых органов остается создание и совершенствование системы отбора, расстановки личного состава, предоставление военнослужащим равных возможностей на продвижение по службе, а также на участие в реализации их социальных прав и гарантий, предусмотренных законодательными актами.

**- Каким образом осуществляется аттестационная проверка офицерских кадров Вооруженных Сил РК? Меняются ли с течением времени требования к офицерам, и с чем это связано?**

- В соответствии с пунктами 142-152 Правил прохождения воинской службы в Вооруженных Силах, других войсках и воинских формированиях Республики Казахстан, утвержденных Указом Президента Республики Казахстан от 25 мая 2006 года №124 и в целях адекватной, справедливой оценки профессионального уровня офицеров, определения кадрового потенциала и обеспечения Вооруженных Сил компетентными специалистами проводится аттестация.

Она позволяет определить профессиональный и морально-психологический уровень военнослужащего, сделать выводы и рекомендации о его продвижении или понижении по службе.

По итогам аттестации составляется резерв для выдвижения на высшие должности и направления на учебу.

Не подлежат аттестации офицеры, назначаемые Президентом РК, офицеры в период их нахождения в отпусках по беременности и родам, по уходу за ребенком до достижения им возраста трех лет. Они аттестуются после выхода на службу не ранее, чем через шесть месяцев и не позднее одного года со дня выхода на службу.

Освобождены от этой процедуры офицеры, обучающиеся по образовательным программам послевузовского образования в военных учебных заведениях, организациях образования Республики Казахстан или иностранных государств в рамках государственного заказа по подготовке государственных служащих по образовательным программам послевузовского образования.



Одним из главных требований к аттестационной комиссии является обязательная объективность и всесторонность при составлении характеристики профессиональных и личных качеств, потенциальных возможностей каждого военнослужащего.

Необходимо отметить, что действующим законодательством предусмотрено право аттестуемых на обжалование решения аттестационной комиссии. Несогласные с решением вправе подать жалобу на нарушение порядка и необъективность вышестоящим должностным лицам через непосредственного начальника (по команде) не позднее трех месяцев со дня ознакомления с результатами аттестации лица.

**- В чем состоит роль новых цифровых технологий в работе Департамента кадров Министерства обороны?**

- Особенно стремительно и с большой долей новизны развивается военно-кадровая работа в последние годы, где дополнительный импульс к рациональному использованию кадрового ресурса Вооруженных Сил придают процессы цифровизации с внедрением функциональных инструментов для обеспечения прозрачности кадровых процессов.

В рамках автоматизации учета личного состава в Вооруженных Силах введена подсистема кадрового учета, в которую на военнослужащих вносятся такие данные как образование, трудовая деятельность, состав семьи, дисциплинарные взыскания, поощрения и другие.

Проведены мероприятия по внедрению «Цифрового рейтинга кандидата» в отношении военнослужащих, состоящих в Президентском резерве высшего командования и руководства ВС, с указанием рейтинга военнослужащего.

Применение цифрового рейтинга стимулирует военнослужащих к саморазвитию, поскольку баллы кандидатов формируются исходя их критериев, зависящих от уровня образования, прохождения курсов по повышению квалификации, уровня владения государственным и иностранными языками, стажа, результатов аттестации, наград, личных достижений, связанных с профессиональной деятельностью, показателя активности участия кандидата в социально-общественных инициативах и проектах.

При наличии у кандидата фактов, отрицательно характеризующих его в профессиональной деятельности (дисциплинарные взыскания, правонарушения, отрицательные результаты аттестации и т.д.), противоправных деяний – происходит вычет баллов.

Данный инструмент, с учетом обновляющихся на постоянной основе сведений, имеет более широкие возможности оценки военнослужащих по сравнению со статичным институтом резерва, сокращая при этом излишнюю бюрократию и сроки принятия кадровых решений.

В этой связи проводится работа по трансформации кадровых резервов в цифровой рейтинг кандидатов на руководящие должности, с последующим распространением его и на все внутриведомственные кадровые процессы.

**- Каким образом формируется кадровый резерв Вооруженных Сил?**

- Основополагающим нормативным правовым актом, регламентирующим вопросы прохождения воинской службы гражданами нашей страны, является Закон Республики Казахстан «О воинской службе и статусе военнослужащих». Для его реализации Указом Президента утверждены Правила прохождения воинской службы в Вооруженных Силах, других войсках и воинских формированиях Республики Казахстан.

Основным условием для последовательного карьерного роста и включения в кадровый резерв являются закрепленные этим Законом права военнослужащих, а именно право на продвижение по службе с учетом квалификации, способностей и добросовестного исполнения своих должностных обязанностей.

Важной вехой в вопросах кадрового обеспечения в свое время стало утверждение квалификационных требований ко всем воинским должностям и схемы карьерного роста. Это приблизило процесс кадрового отбора к стандартам государственной службы путем повышения прозрачности отбора и совершенствования практики выдвижения лучших кадров.

На сегодняшний день разработана Концепция кадровой политики Вооруженных Сил Казахстана. Она строится на сохранении подходов к планированию потребностей в военных кадрах, их подготовке, стимулированию, аттестации и ротации.

Исходя из этого, Департамент кадров на постоянной основе проводит работу по качественному комплектованию Вооруженных Сил профессиональными и подготовленными офицерами – надежным базисом боеготовности и боеспособности армии.

Кадровый резерв военнослужащих для продвижения по службе или направления на учебу формируется кадровым органом к 10 декабря по результатам проведенной плановой аттестации по установленной форме и направляется в органы военного управления, руководителям которых предоставлено право назначения на должности согласно перечню должностных лиц.

Кроме того, по итогам каждого учебного года производится уточнение кадрового резерва.

**- Какие значимые изменения в законодательстве относительно прохождения воинской службы произошли в последнее время? Что людей в погонах ожидает в ближайшее время?**

- 10 января 2025 года Главой государства подписан Закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам государственной службы».

Законом внесены изменения в Закон «О воинской службе и статусе военнослужащих», направленные на реализацию Нормативного постановления Конституционного Суда от 31 августа 2023 года № 27, касательно несоразмерности ограничения по бессрочному запрету для лиц, уволенных с воинской службы за отсутствие на службе без уважительной причины в течение трех и более часов подряд.

Теперь указанные лица будут иметь право поступить на воинскую службу по истечении двух лет после такого увольнения.

Исключено понятие и правовая основа для формирования Президентского резерва в соответствии с Правилами прохождения воинской службы.

Введена компетенция Президента по снижению в дисциплинарном порядке и восстановлению в воинском звании военнослужащих высшего офицерского состава.

Для реализации указанных изменений Департаментом кадров подготовлен проект Указа Президента, предусматривающий внесение поправок в Правила прохождения воинской службы и Дисциплинарный устав.

Проектом Указа, в целях исполнения поручения Главы государства от 9 октября 2024 года о трансформации цифрового рейтинга кандидатов для выдвижения на высшие воинские должности и распространения его на внутриведомственные процессы, в Правила прохождения воинской службы вводится понятие «цифровой рейтинг» и порядок его применения.

Исключается понятие и порядок формирования Президентского резерва.

Вводится компетенция министра обороны по внесению на рассмотрение Президента представления на снижение и восстановление в воинском звании высшего офицерского состава.

Наряду с аналогичными изменениями в Дисциплинарный устав вносятся поправки в части возможности снижения в воинском звании при совершении значительного проступка без наличия не снятого взыскания.

Определенный Дисциплинарным уставом перечень дополнен следующими видами значительных проступков: управление транспортным средством в состоянии алкогольного или иного опьянения, и слабая организация комплекса мероприятий по обеспечению безопасности воинской службы, повлекшая тяжкие последствия.

Справочно: под тяжкими понимаются последствия, повлекшие смерть человека, самоубийство, причинение тяжкого вреда здоровью; массовое заболевание, заражение, облучение или отравление людей, причинение крупного или особо крупного ущерба и т.д.

Кроме того, в настоящее время совместно с заинтересованными государственными органами ведется работа по внесению ряда концептуальных изменений в законодательство о прохождении воинской службы в части изменения предельного возраста для поступления на воинскую службу по контракту на – не позднее трех лет до достижения предельного возраста состояния на воинской службе вне зависимости от того, впервые поступает кандидат на воинскую службу или повторно.

Наряду с этим рассматривается возможность повторного поступления на воинскую службу по контракту лиц, ранее уволенных по отрицательным мотивам в связи с систематическим (два и более раза) нарушением условий контракта о прохождении воинской службы, а также возможности заключения контракта о прохождении воинской службы на три года вне зависимости от того, первое это или повторное поступление на воинскую службу по контракту.



**- Какими, на Ваш взгляд, чертами характера и особенностями личности должен обладать офицер казахстанской армии?**

- Престиж воинской службы офицерского состава определял и определяет привлекательность офицерской профессии, уважение к ней в обществе. Серьезное изменение престижа воинской службы офицерского состава в сторону его повышения связано с постоянным вниманием со стороны руководства страны к вопросам развития Вооруженных Сил.

Как издавна принято считать, офицер – это честь и душа армии, щит и опора государства, надежда и вера народа.

Глубокое осознание высокого призвания офицера Вооруженных Сил Республики Казахстан делает основными чертами характера офицера и особенностями его личности беспристрастность и честное служение своей Родине, до последнего дыхания быть преданным народу Казахстана, его Президенту и военной присяге.

Строго соблюдать Конституцию и законы, беспрекословно, точно и в срок исполнять приказы командиров, дорожить офицерской честью и мундиром, быть образцом патриотизма, мужества, справедливости, высокой духовной культуры и этикета, не допускать любые проявления коррупции, превышения власти и аморального поведения, умело сочетать требовательность с заботой о подчиненных, уважать их честь и личное достоинство, строго пресекать попытки разжигания межнациональной и религиозной розни, проникновения деструктивной идеологии в армейскую среду, в средствах массовой информации и социальных сетях быть предельно корректным, осмотрительным и сдержанным, совершенствовать свои профессиональные знания, умения и навыки, постоянно изучать передовой опыт и достижения науки, знать и чтить историю Казахстана, продолжая боевые традиции батыров Великой степи, ветеранов войны и Вооруженных Сил.

**- Расскажите о новшествах, планах и задачах Департамента кадров на 2025 год.**

- Достигнутые результаты и имеющаяся проблематика сохраняют свою актуальность для будущего развития кадрового потенциала Вооруженных Сил.

Выбор направлений для совершенствования работы Департамента кадров определяется приоритетами развития Вооруженных Сил.

В этой связи главной задачей в 2025 году является создание благоприятных условий для службы в Вооруженных Силах, при которых военнослужащий смог бы реализовать свои профессиональные навыки, потребности и интересы для повышения боеспособности армии.

Совершенствование нормативной правовой базы, регламентирующей прохождение воинской службы.

Достижение уровня укомплектованности личным составом, позволяющим эффективно, качественно и оперативно решать поставленные перед Вооруженными Силами задачи.

Реализация указанных мер, основанных на целях, задачах и установленных принципах кадровой политики, рассчитана на достижение следующих результатов:

- обеспечение стабильной укомплектованности личным составом, позволяющей поддерживать необходимый уровень боевой способности воинских частей и подразделений для надлежащего выполнения задач в соответствии с предназначением и реализацией своих боевых возможностей;
- выдвижение на высшие должности наиболее подготовленных и перспективных офицеров, фиксирование сроков нахождения в должностях, искоренение застоя кадров, использование потенциала офицеров в новой обстановке или сфере деятельности, построение перспективы карьеры офицера как по вертикали, так и по горизонтали на основе результатов оценки эффективности служебной деятельности. Создание конкурентных преимуществ при назначении на ключевые должности;
- прогнозирование перспективных потребностей Вооруженных Сил в офицерах по отдельным категориям (исполнительское, командное и управленческое звенья, уровень образования, специализация, анализ вакантных должностей и др.);
- создание достаточного резерва офицеров с соответствующим уровнем образования и компетенций для замещения соответствующих должностей;
- периодической оценке качества офицерского и сержантского составов, оптимизации процесса расстановки кадров и их более эффективного использования;
- изменение подхода к аттестации: оценка эффективности деятельности военнослужащего, анализ достижения им запланированных целей, определение уровня компетенции, оценка личностных качеств и др.;
- своевременная переподготовка военнослужащего, получение им предельно объективной и необходимой информации, обновление теоретических и практических знаний, его умений и навыков перед назначением на очередную (высшую) должность. Развитие системы индивидуальных и групповых форм обучения (наставничество, стажировки, консультации, самообучение, семинары, лекции, тренинги и др.);
- возможность в режиме реального времени иметь точные сведения по личному составу, позволяющие оперативно планировать комплектование войск, а также своевременно производить анализы, расчеты текущей и перспективной потребности в кадрах Вооруженных Сил и их качественное распределение;
- формирование высоких моральных и психологических качеств военнослужащих на основе утверждения в сознании и поведении общественно значимых идеалов, идей патриотизма, мотивов служения Отечеству, государственных интересов и высоких духовных ценностей;
- повышение престижа воинской службы путем поднятия ее социально-экономического статуса, выражающегося мерами материального и морального вознаграждения, степенью социальной и правовой защищенности через совокупность условий, предоставляемых военнослужащим и членам их семей.

Учитывая, что в 2025 проводится плановая аттестация сержантского и рядового составов, конечно, будут приняты все меры для качественного ее проведения, по результатам которой дана всесторонняя и объективная характеристика профессиональных и личностных качеств для определения потенциальных возможностей каждого прошедшего аттестацию военнослужащего.



# МЕРЕЙТОЙҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

***Қарағанды қаласындағы «Сарыжайлау» кинотеатрында Ауған соғысының ардагері, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, «Қызыл Жұлдыз» және «Құрмет» ордендерінің иегері, отставкадағы полковник Амангелді Теміржанұлы Жантасовтың 70 жылдық мерейтойына арналған «Амангелді Жантасов әлемі: қарулы және қарусыз майдандар» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.***

Іс-шараға мемлекеттік органдар өкілдері, әскери мамандар, қоғам қайраткерлері, ғалымдар, мәдениет қызметкерлері мен журналистер қатысты. Конференция барысында ардагердің өмір жолы, ерлігі мен әскери қызметі туралы баяндамалар оқылып, жас ұрпаққа үлгі боларлық тәлімдік әңгімелер қозғалды. Бағдарлама аясында құттықтау сөздер мен баяндамалар оқылып, Амангелді Жантасовтың шығармалары мен еңбектерінің көрмесі өтті. «Амангелді Жантасов әлемі» атты деректі фильмнің көрсетілімі ұйымдастырылды. Жиында полковник Жантасовтың Ауған соғысы тақырыбына арналған еңбектері ерекше назарға алынды. Оның «Ауылым – алтын бесігім», «Отряд Қара майора», «Жартасты жастанған жасақ», «Второй мусульманский (спецназ из Казахстана)» сияқты шығармалары әскери тарихты түсінуге құнды дерек болып табылады. Ауғанстандағы соғыс оқиғаларын өз көзімен көрген ардагер шығармаларында сол кезеңнің шындығын айқын бейнелейді. Мысалы, оның «Второй мусульманский» кітабында сарбаздардың қиын сынақтары мен жауынгерлер арасындағы бауырластық ерекше сипатталған. Жантасов: «Ұрыста әріптесіңе толықтай тәуелді боласың. Біз бір отбасы болдық», - деп сарбаздар арасындағы сенімнің маңыздылығын атап өтеді. Полковник Жантасов өз естеліктерінде Ауған соғысының сарбаздарға ғана емес, бүкіл қоғамға тигізген әсерін тереңінен ашып көрсетеді. Соғыс кезінде және одан кейінгі қиындықтарды сипаттай отырып, ардагерлердің елге бейімделуі, мемлекеттік қолдаудың жеткіліксіздігі мен қоғамдағы түсінбеушілік мәселелерін қозғайды. Оның айтуынша, біз батыр ретінде қарсы алады деп ойладық, бірақ шындық басқаша болды. Көпшіліктің «Неге ол жаққа бардыңыз?» деген сұрақтары бізге ауыр тиді, - деді кеш барысында. Ауған соғысы ардагерлері қоғамды елжандылыққа тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. Жантасовтың еңбектері жастарға бейбітшіліктің құндылығын түсіндіріп, патриоттық рухты нығайтуға бағытталған.



– Ауған соғысының ардагерлері – біздің батырларымыз. Сол кезеңнің қасіреті мен ауыртпалығына қарамастан, өздеріне жүктелген міндетті абыроймен атқарған жандардың еңбегін бағалау – біздің борышымыз. Полковник Амангелді Теміржанұлы Жантасов – осындай тұлғалардың бірі. Ол – тек батыр сарбаз ғана емес, нағыз рухани көшбасшы. Оның естеліктері – тарихқа алтын әріптермен жазылған шынайы деректер. Жантасовтың еңбектерін оқыған сайын, оның ерлігі мен қайсарлығына таңданасыз. Әсіресе, сарбаздарға қолдау көрсету мен қиындықтарды жеңу жолындағы жігері – баршамызға үлгі. Оның жазбаларынан Ауған жеріндегі қиын-қыстау күндерде де рухани мықтылық пен достықтың қандай маңызды болғанын түсінеміз. Мен үшін полковник Жантасовтың өмір жолы – тек әскери салада ғана емес, азаматтық қоғамда да үлкен сабақ. Ол Отан алдындағы борышын өтеп қана қоймай, жас ұрпаққа патриотизмді дәріптеуге зор үлес қосты. Оның кітаптары мен мақалалары – жастарды елжандылыққа, бейбітшілікті қадірлеуге үйрететін құнды құрал. Амангелді ағамыздың батырлығы мен қалдырған мұрасы мәңгі есте сақталуы тиіс. Біз, қазіргі әскери қызметшілер, ардагерлеріміздің даңқты жолын жалғастыру арқылы бейбітшілікті сақтау мен елді қорғау ісін абыроймен атқаруға міндеттіміз, - деді «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің қолбасшысы, полковник Махсут Гусейнов.

Полковник Амангелді Жантасовтың 70 жылдық мерейтойына арналған конференцияда оның өмірі мен шығармашылығы ұрпаққа үлгі боларлық құндылық ретінде қарастырылды. Батырдың ерлігі мен еңбектері патриотизмнің жарқын мысалы болып, оның шығармалары әскери тарих пен қоғамдық сананы тәрбиелеуге қосқан зор үлес ретінде бағаланды. Конференцияның қорытындысы бейбіт өмірдің маңыздылығын еске салып, болашақ ұрпаққа еліміздің батыр ұлдарының ерліктерін насихаттаудың қажеттілігін тағы бір мәрте көрсетті.

# ҰСТАЗ ЕҢБЕГІ – ҰЛЫ ЕҢБЕК

***Асылы, қазақ халқы қашанда ұлағатты ұстаздар қауымын ерекше құрметтеген. «Алты Алаштың игі жақсысы бас қосса, төрдегі орын – ұстаздікі» деп әйгілі ақын Мағжан Жұмабаев айтып кеткендей, қай қоғамда болса да, ұстаз мәртебесі ең жоғарғы деңгейде болуы қажет. Өз шәкірттері үшін саналы ғұмырын сарп еткен, тәжірибесі мен ғибраты мол, талапшыл болса да әділ, берген білімі мен қамқорлығы саф алтынға теңессіз, үлкен жүректі ұстазымыз Қожақова Зәмзәмкүл Қалиқызын Астана қаласындағы Кеңес Одағының батыры, Халық қаһарманы, Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы республикалық «Жас ұлан» мектебін тәмамдаған әр ұлан жылы естеліктермен жиі еске алады деп ойлаймын.***

Тарихқа бір сәт үңіліп, 1991 жылы тәуелсіздік алған соң, ең алғашқы Қазақстан Республикасының тұңғыш Қорғаныс министрі, Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов және оның ізбасарлары еліміздің қорғанысын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру мен қалыптастыру және сапалы әскери мамандарды даярлауға ерекше ден қойды. Елімізде болашақ жастардан саналы түрде әскери мамандар даярлау мәселесі де сол уақытта туды. 1999 жылдың 4 қарашасында елордада Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы республикалық «Жас ұлан» мектебінің тұсауы кесілді. Зәмзәмкүл Қалиқызы 1999 жылдың 5 қарашасында Астана қаласы, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кеңес Одағының Батыры, Халық қаһарманы, Армия генералы С.Қ.Нұрамағамбетов атындағы «Жас ұлан» республикалық мектебіне оқу бөлімінің алғашында инспектор-әдіскер болып жұмысқа орналасады. Осылайша, «Жас ұлан» мектебінің құрылу жолында ең алғаш оның іргетасында тұрып, жалпы білім беру циклін 22 жыл бойы басқарып, мектептің ал бүгінде колледжде үздіксіз 25 жылдан көп еңбек етіп, оның озық республикалық әскери білім ордасына айналуына орасан зор үлес қосады.

Зәмзәмкүл апайымыз 1961 жылдың 28 қыркүйегінде Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Еркіншілік ауылында алтын құрсақты Ермек анамыздан көпбалалы отбасыда дүниеге келген. Отбасыдағы 11 баланың ішінде жетіншісі. Зәмзәмкүл деген ерекше есімді үлкен әпкесі Сәуленің құрбысы берген екен. Туған ауылы Павловка мектебінде білім алып жүргенде математика пәнінің мұғалімі Белобородова Валентина Николаевнаны үлгі тұтып, оған тәнті болған жас қыздың жүрегіне ұстаз болу арманы ұялайды. Осылайша, 1979 жылы С.Сейфуллин атындағы Целиноград мемлекеттік педагогика институтына математика мамандығы бойынша оқуға түсіп, 1984 жылы жоғарғы аталған институттың толық курсын математика мамандығы бойынша бітіріп шықты. Еңбек жолын туған ауылы Акмола облысы, Ерейментау ауданы, Павловка орта мектебінде математика пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеуден бастайды. 1989-1999 жылдары Целиноградтағы теміржол медициналық училищесінде математика пәнінен сабақ берді. 1999 жылдан бүгінгі күнге дейін осы оқу орнында ұландарға сабақ беріп келеді.



Зәмзәмгүл Қалиқызы әскери мектепте ширек ғасырдан көп еңбек етіп, оқу ісінің меңгерушісі қызметін атқара отырып, шығармашылық педагогикалық ұжым құрды, сондай-ақ осы мектептің тәрбиеленушілері қалалық, республикалық, халықаралық олимпиадаларда жоғары нәтижелер көрсетті. Ал, оқушылары ұлан Сикумбаев Касым «Сардар» республикалық кешенді олимпиадасында I дәрежелі дипломмен (2015 ж.), ұлан Данияров Дамир II дәрежелі дипломмен (2019ж.) марапатталған.

Зәмзәмгүл Қалиевна – көп жылғы еңбегі бағаланған, түрлі марапаттауларға ие болған ұстаз. 2010 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен, 2012 жылы «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне – 20 жыл» медалімен, 2014 жылы «Жас ұланның 15 жылдығы» мерейтойлық төсбелгісімен, 2017 жылы «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне – 25 жыл» медалімен, 2018 жылы «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде командирлердің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасарлары институтының құрылғанына – 25 жыл» мерейтойлық белгісімен, 2018 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасымен», 2023-2024 жылдары Қазақстан Респуликасы Қорғаныс министрлігінің грамоталарымен марапатталған. 2024 жылы «Қазақстан Республикасының Құрметті қайраткері» республикалық байқауына қатысып, «ҚР Құрметті қайраткері» төсбелгісімен және статуэткасымен, I дәрежелі дипломмен марапатталды.



25 жылдық тарихы бар әскери білім ордасын 8 басшы басқарыпты, олардың әрқайсысы – өзіндік елеулі еңбегі бар биік тұлғалар! Ал, бүгінде әскери колледжді әскери білім мен ғылым беру саласында үздіксіз қажырлы қызмет етіп келген полковник Төлеушев Ғазиз Әуесханұлы басқарып отыр. Зәмзәмкүл Қалиқызы білім нәрін беріп келген республикалық әскери білім мекемесінде бүгінгі білім беру жүйесі туралы үлкен мақтанышпен сөз қозғады: «Әскери колледждің әскери мамандары мен мұғалімдері – нағыз өз ісінің шеберлері. Әр ротаға, әр взводқа (сыныпқа) тағайындалған әскери кураторлар ұландар мен кадеттерге әскери жарғылардың ережелері мен талаптарын бойларына сіңірсе, әскери мамандар өз сабақтарында кәсіби мамандықтардың қыр-сырын игертеді, сонымен қатар мектеп бағдарламасын жан-жақты ұстаздар қауымы меңгертіп отыр».

Ұстаз еңбегі – ұлы еңбек! «Әскери тұлға болам» деген арманын жетелеп, үйінен жыраққа кетіп, әскери өмірге қадам басқан жас жеткіншектердің, ал бүгінде ұландар мен кадеттердің жүрегінен ізгілік тамшысын таба білген, нұрын шашқан Қожақова Зәмзәмкүл Қалиқызының еңбегі әсте ерекше! Ардақты ұстаз генерал С.Нұрмағамбетов атындағы республикалық «Жас ұлан» мектебінің ең алғашқы 2002 жылғы түлектерін ешқашан ұмытпайды. Содан бері 20-дан көп түлектер легі осы мекеменің түлектері атанып, Қазақстан Республикасының түрлі аймақтарында әскери қызмет атқарып жүр. Әсіресе, ұстаз білім ордасының түлегі «Алтын белгі» иегері атанған Сейсенов Талғат, үздік түлектері Оспанов Әділет, Рудич Александр, Кадыров Нұртас, Нұрболат Жасұлан, Қадырбек Дінмұхамед, Оразбекұлы Ерлан, Азықанов Мақсат, Лукманов Ануар, Нахов Арсен, Жұмабай Нұрбол, Серік Дамир сияқты ұландар мен кадеттерді ерекше атап өтті. Тәжірибесі мол, кәсіби деңгейде өз қызметін атқара білген, техникалық әрі кәсіби білім беретін, озық технологияларды игерген мамандарымен мақтана алатын Отанымыздың бірден-бір әскери білім ордасы әлі де талай үздік түлектерді ұшырары анық! Көрнекті қолбасшы, дара, дана тұлға Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтің рухы қолдап, оның салған сара жолы текке кетпей, үміті ақталып, әскери колледжді тәмамдаған әрбір кадет Отанымызға адал еңбек етіп, жоғары кәсіби деңгей мен білімін, біліктілігін көрсетіп, соның арқасында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мықты қалқанын өз қолдарымен тұрғызары хақ!

# ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

***Шымкенттен жолға шығатын күні Кенжебаев Талғат, Умарбеков Сәкен, Жайсанбаев Бақыт сынды азаматтармен түскі асқа бардық. Бәрі де өз деңгейіне жеткен жігіттер, лайықты офицерлер. Әдеттегідей, бүгінгі әскер мен Қарулы Күштер ардагерлерінің жайы әңгімеміздің басты тақырыбына айналған.***

Жұмысқа жақынырақ жерде орналасқан шағын дәмханаға кіріп, ас мәзіріне тапсырыс беріп болып, әңгімені өрбіттік. Бір кезде көрші үстелде отырған төрт адамның біреуі бізге келіп сәлем берді:

– Ассалаумағалейкүм, ағалар! Кешірім сұраймын, сіздермен амандассам бола ма?

– Әрине, болады, - дестік біз.

– Рахмет, рахмет. Бәріңізге де астарыңыз дәмді болсын!

Бұдан кейін бейтаныс жігіт қасымызда отырған Талғат Болатұлына бұрылып, ол кісінің қолын қайтара алып:



– Полковник мырза, сізге ерекше сәлем беремін! Мен сізді жақсы танып тұрмын, офицерлік қызметіңізге, істеген еңбегіңізге тәнтімін. Сізді әрдайым құрмет тұтамын. Сіз Қазақстан әскери авиациясының еңбек сіңірген ұшқышы, еңбегі зор мамансыз! Сізге көп қызығатынмын, ұшқыш болуды армандайтынмын.

– Бауырым, ізгі тілектеріңе көп рахмет. Менің есіме түсіріп жіберші, екеуміз қайдан таныспыз? - деді бейтаныс адамды танымаған Тәкең.

– Полковник мырза, мен де сол саланың офицерімін. Бірақ сіз сияқты нағыз ұшқыш емеспін. Сіз жасыңызбен де, ісіңізбен де ағасыз. Аман болыңыз, жақсылықта кездесіп тұрайық. Сізді танып тұрғасын орнымда отыра алмадым. Сәлем беруге келдім, құрмет тұтқасын – қолыңызды алуға келдім...

Марат, Сәкен, Бақыт атты үш офицер түскі ас ішуге келген жерімізде осынау тамаша көрініске куәгер болып, екі толқын өкілінің тамаша кездесуіне қызыға қарадық. Қасымызда жүрген досымыздың қарапайымдылығына тағы да тәнті болдық. Ал ол – көк жүзінде қалықтаған «кемелердің» құлағында ойнаған хас маман, кешегі ұшқыш, бүгінгі әскери ұстаз полковник Талғат Кенжебаев.

**Марат ЖҮНІС-БЕК**

# КУРС ПО УПРАВЛЕНИЮ ПОЛЕТАМИ

***В Учебном центре подготовки специалистов и боевого применения БПЛА Сил воздушной обороны Казахстана завершилась курсовая подготовка. В состав участников курса вошли не только представители Вооруженных Сил, но и сотрудники Министерства внутренних дел и Национальной гвардии. Они прошли обучение по программе подготовки специалистов по организации управления полетами беспилотных авиационных систем.***



**Дина МУХАРИНОВА,**
**Владимир МАРТЫНЕНКО (фото),**
**пресс-служба Таразского гарнизона**

Курс обучения включил в себя комплекс теоретических и практических занятий, направленных на подготовку специалистов, способных организовывать и управлять полетами беспилотных авиационных систем в сложных условиях, вне аэродромных площадок.

Офицеры-инструкторы учебного центра обучали слушателей курса оперативно адаптировать свои действия в различных ситуациях, а также овладевать современными методами планирования и управления полетами. В работе представителей силовых структур такие технологии могут сыграть решающую роль.

Применение беспилотников становится неотъемлемой частью работы всех силовых структур, умение быстро и грамотно решать задачи в условиях ограниченных ресурсов и времени может стать залогом успеха. Знания, полученные специалистами в ходе обучения, станут ключевыми в повышении эффективности различных операций с использованием беспилотных авиационных систем.

– Эта подготовка дает нам уникальную возможность не только улучшить свои навыки в работе с беспилотниками, но и научиться оперативно применять их в самых разных условиях, – отметил офицер Управления боевой подготовки Военно-воздушных сил подполковник Ерлан Суйкумбаев. – Полученные знания расширят сферу нашей профессиональной деятельности.

Подтверждением новой квалификации специалистов станут сертификаты, заверенные подписью начальника учебного центра и проштампованные гербовой печатью. Но их вручение состоялось только после сдачи слушателями курсов зачетов по программе обучения.

– Специалисты, прошедшие у нас обучение, теперь способны не только управлять полетами беспилотных авиационных систем, но и планировать их использование в самых разных сферах – от охраны правопорядка до обеспечения оперативного реагирования в случае чрезвычайных ситуаций, – подчеркнул начальник Учебного центра подготовки специалистов и боевого применения БПЛА полковник Шохан Мусабеков. – Это еще один шаг к повышению боевой и оперативной готовности силовых структур Казахстана.



Курс стал важным этапом подготовки специалистов, которые будут использовать новейшие технологии в интересах обеспечения безопасности и стабильности. Преподаватели курса уверены, что полученные знания и опыт будут применяться эффективно и принесут специалистам пользу в их будущей работе.



# ДЕСЯТЬ ЛЕТ НА СТРАЖЕ АКВАТОРИИ КАСПИЯ

***В дивизионе разнородных кораблей Военно-морских сил Республики Казахстан отмечают историческую дату: десятилетний юбилей ракетно-артиллерийского корабля «Сарыарка».***



Этот корабль, являющийся одним из флагманов ВМС, стал символом надежности, силы и современных технологий, способных защищать морские рубежи страны.

Ракетно-артиллерийский корабль «Сарыарка» был построен на отечественном заводе «Зенит» в городе Уральске и передан в эксплуатацию Военно-морским силам Казахстана в 2015 году. Его создание стало частью масштабной программы по укреплению обороноспособности страны и модернизации Военно-морских сил.

«Сарыарка» сочетает в себе передовые разработки судостроительной отрасли, современное вооружение и системы навигации. Это позволяет ему успешно решать задачи не только по защите государственных границ, но и участвовать в международных учениях, представляя Казахстан на мировой арене.

- За прошедшие десять лет «Сарыарка» неизменно стоял на страже акватории казахстанского сектора Каспийского моря. Корабль участвовал в международных армейских играх и был неоднократным призером этих игр, а также в учениях, проводимых как на территории Казахстана, так и за его пределами. Это демонстрирует высокий уровень подготовки экипажа и технологические возможности корабля, - отметил командир корабля капитан 3 ранга Дамир Матаев.

Отдельное внимание заслуживает экипаж «Сарыарки». За годы службы на борту корабля прошли подготовку сотни военнослужащих, многие из которых внесли значительный вклад в развитие ВМС Казахстана. Экипаж демонстрирует высокий уровень профессионализма и самоотдачи, подтверждая статус корабля как одного из лучших в составе дивизиона разнородных кораблей.

«Сарыарка» остается одним из ярких символов мощи и независимости Казахстана, играя важнейшую роль в обеспечении стабильности и безопасности в регионе.





# «ГЛАЗА И УШИ» КОМАНДИРА

***30 января Вооруженные Силы Казахстана отмечают День топографических войск – праздник специалистов, чья работа остается за кадром, но играет ключевую роль в обеспечении успешности военных операций.***

Топографы занимаются изучением, измерением и описанием земной поверхности, их работа необходима для планирования боевых действий, ориентирования на местности, создания карт и анализа географической информации.

Профессия топографа актуальна в любое время, ведь она тесно связана с развитием технологий и требует глубоких знаний в области геодезии, картографии и информационного обеспечения войск. С каждым годом эта профессия становится все более востребованной. Развитие современных технологий в сфере топографической разведки, таких как спутниковая съемка, аэрофотосъемка и использование БПЛА, делает работу топографов не только более эффективной, но и незаменимой.

Одним из таких специалистов является старший лейтенант Дмитрий Гребенников. Его путь в военную профессию начался еще в школьные годы. Дмитрий окончил знаменитую школу им. Героя Советского Союза Василия Козенкова и параллельно обучался в Школе юных летчиков. После того как он получил первые навыки в военном деле, Дмитрий поступил в Военный институт Сил воздушной обороны им. дважды Героя Советского Союза Талгата Бегельдинова.

Решающий этап в его профессиональном становлении пришел с обучением в Военно-космической академии им. Александра Можайского в Санкт-Петербурге, где он выбрал направление аэрокосмической топографии. Это направление объединяет передовые технологии - космическую съемку и аэрофотосъемку, и является одной из самых перспективных областей военной картографии, позволяя быстро и наглядно передавать данные для планирования операций.

В настоящее время он занимает должность офицера оперативной службы и начальника топографической службы танковой бригады Гвардейского гарнизона.

- Топограф - это не просто специалист, который работает с картами, - объясняет Дмитрий. - Мы - «глаза и уши» командира. От нас зависит, где и как будет двигаться подразделение, куда будет направлена артиллерия, как будет строиться логистика и снабжение. Все эти вопросы решаются с помощью точных данных, которые мы собираем и обрабатываем.

Дмитрий, как начальник топографической службы, отвечает за сбор и обработку данных о местности, включая создание и обновление карт. Важной частью его работы является обучение личного состава использованию карт, компасов и GPS-устройств.

- Знания о местности, понимание состава противника и его инноваций в топографическом плане - все это играет решающую роль в успешности операций. Обладая точной информацией о местности, топографы обеспечивают планирование и проведение боевых действий с максимальной эффективностью, - добавляет Дмитрий.

Работа топографа - это не только профессия, но и непрерывный процесс обучения и самосовершенствования. В условиях быстро меняющихся технологий и новых вызовов, топограф должен быть готов к любым задачам, которые перед ним ставятся. Несмотря на то, что они часто остаются в тени более заметных военных специалистов, их вклад в успешные операции нельзя переоценить.

Будущее топографической службы не вызывает сомнений. Важно, чтобы топографы и дальше продолжали развивать свою сферу, укрепляли роль службы, как это делает молодой специалист Дмитрий Гребенников.

**Старший лейтенант Максат ТУРСУНБЕК,**
**пресс-служба Гвардейского гарнизона**

# ӘСКЕРИ БӨЛІМНІҢ ҚҰРЫЛҒАН КҮНІ АТАП ӨТІЛДІ



***Абай гарнизонында «Шығыс» өңірлік қолбасшылығына қарасты 54770 әскери бөлімінің құрылған күніне арналған салтанатты жиын өтті. Ұлттық әскери-патриоттық орталық Семей филиалында ұйымдастырылған мерекелік концертке «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы әскерлер қолбасшысының орынбасары полковник Дархан Ажибаев, гарнизонның әскери бөлімдерінің командирлері, Қарулы Күштердің ардагерлері, әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелері қатысты.***

Әскери бөлімнің 52 жылдығына арналған салтанатты жиын сахна төріне Жауынгерлік туды алып шығудан басталды. Кейін әскери оркестрдің орындауында Мемлекеттік әнұран шырқалды. Ал «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы әскерлер қолбасшысының орынбасары полковник Дархан Ажибаев пен бөлім командирі, подполковник Қанат Тәңірбергенов жиналғандардың барлығын айтулы мерекемен құттықтады.

Кеш барасында өздеріне жүктелген міндеттерді мінсіз орындап, көрсеткен еңбектері үшін ерекше көзге түскен әскери қызметшілер марапатталды. Сәйкесінше «үздік» деп танылған бірқатар офицерлер, сержанттар мен сарбаздар алғыс хаттармен және құттықтау грамоталарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

«Шығыс» өңірлік қолбасшылығы әскерлер қолбасшысының орынбасары полковник Дархан Ажибаев әскери бөлім қызметшілеріне ризашылығын білдіріп, олардың қиын істеріне сәттілік тіледі. Іс-шара барысында сахна төріндегі экраннан әскери бөлімнің жетістіктері туралы бейнефильм көрсетілді. Айта кетейік, қазіргі уақытта әскери бөлім жауынгерлік дайындықтан өзге ел аумағында орын алатын әртүрлі апаттарда аянбай еңбек етіп келеді. Атап айтқанда, әр жылдары орын алған орман өрттері мен елдімекендерді су басу жағдайларына белсенді түрде қатысуда.

Мерекелік кеш көрермендерге ұмытылмас сәттер сыйлап қана қоймай, әскери қызметшілер мен олардың отбасыларының рухын көтергені анық.






# ИНЖЕНЕРЛІК ӘСКЕРЛЕР КҮНІНЕ АРНАЛДЫ

***Кеңес Одағының Батыры, Халық қаһарманы, Армия генералы С.Нұрмағамбетов атындағы әскери колледжде ҚР Қарулы Күштерінің Инженерлік әскерлер күніне орай 3 оқу ротасының ұландарымен іс-шара өткізілді. Биыл – Инженерлік әскерлердің еліміздің аумағында орналасқан құрамалар мен бөлімдер негізінде құрылғанына 32 жыл толып отыр.***

Біздің әскери колледжде «Инженерлік-саперлік бөлімшелерді басқару және Радиациялық, химиялық және биологиялық қорғау әскерлерінің бөлімшелерін басқару» екі біліктілігімен қоса берілген «Кіші буын менеджменті» мамандығы бойынша орта буын мамандарын даярлайды. 3 оқу ротасы 4 взвод ұландары осы мамандық бойынша білім алуда.

Айтулы күнге арналған іс-шараны оны ұйымдастырушы 3 оқу ротасының командирі капитан Дандыбаев Руслан Тимурұлы мен куратор запастағы майор Сұлтанова Бахыт Қожахметқызы ашты. Капитан Р.Дандыбаев «Инженерлік әскерлердің құрылымы» атты тақырыпта ұландарға қызықты баяндама жасады.

Іс-шараға инжерлік әскерлер құрамында ұзақ жылдар қызмет еткен подполковник Ахметқалиев Аманжол Мұтқанұлы қонақ болып шақырылды. Кәсіби маман өзінің тәжірибесімен, білімі мен біліктігімен, инженерлік әскерлердің жұмысының ауқымдылығы мен бүгінде инженерлік әскерлердің Қарулы Күштердің мызғымас бөлігі болғаны жөнінде ұландармен әңгімелесті. Іс-шара соңында ұландар да, ұйымдастырушылар да өз кәсібінің майталманы, шәкірттерге тәлім-тәрбие мен озық әскери білімін беріп жүрген тәжірибелі шебер маман, аға оқытушы подполковник А.Ахметқалиевке ризалығын білдірді. Ал, 3 оқу ротасы 4 взвод ұланы Әбу Баймахан домбырамен өз шашуын шашты.

**Альмира Жабаева,**
**Тәрбие және идеологиялық жұмыстар бөлімінің бас маманы**

# САЛА МАМАНДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

***Абай гарнизонында әскери қызметшілердің отбасы мүшелерімен жұмысты ұйымдастыру жөніндегі қызметтің құрылған күні аталып өтілді. Атаулы күнге орай «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы әскерлер қолбасшысының орынбасары полковник Дархан Ажибаев сала мамандарының қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтады.***



2017 жылдың 26 қаңтарында Қорғаныс министрінің бұйрығымен құрылған бұл қызмет түрі әскери қызметшілердің отбасындағы моральдық-психологиялық ахуалды нығайту, рухани-адамгершілік және мәдени-тұрмыстық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жұмыс жүргізеді.

Шарада «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы әскерлер қолбасшысының орынбасары полковник Дархан Ажибаев, «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы әскери қызметшілердің отбасыларымен жұмысты ұйымдастыру қызметінің басшысы Ақмарал Ахметжанова нәзік жандылар қызмет атқаратын сала қызметкерлеріне гүл шоқтары мен мақтау қағаздарын табыс етті. Жиын соңында құттықтау сөз сөйлеп, алдағы атқаратын қызметтеріне табыстар тіледі.

**Абай өңірлік гарнизонының баспасөз қызметі**

# БІРЛЕСЕ ЖАСАЛҒАН ЖҰМЫС

***Еліміздің Қарулы Күштерінде белгіленген мерзімді қызметтерін өтеуге 2024 жылдың 2-ші шақырылымында «Шығыс» өңірлік қолбасшылығының 44736 әскери бөліміне шақырылған сарбаздармен бірқатар жұмыс атқарылды.***



Ол жас жауынгерлердің әскери қызметке тез бейімделу мақсатында бекітілген жоспарға сай ұйымдастырылды. Тәрбие және идеологиялық жұмыстар бөлімінің офицері (психологы) аға лейтенант Мейіржан Ақылжан мен тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі бөлім бастығының әскери қызметшілердің отбасы мүшелерімен жұмысты ұйымдастыру жөніндегі көмекшісі Гүлфат Рафикова сарбаздармен әңгімелесті. Жататын, демалатын, жуынатын, киім-кешек орындары мен жауынгерлік әзірлік сыныптарын қарап шықты. Мерзімді қызмет ететін әскерилерден казармадағы үй-жайға қатысты сауалдарының бар-жоғын да сұрады. Әскери бөлімге келген күннен бастап сарбаздың әрқайсысымен әңгімелесу барысында неғұрлым мол ақпарат алынған сайын, бейімделу кезеңінде оны түсіну арқылы көмек беру де соғұрлым жеңілірек болады. Сол себептен сұхбаттасу аса маңызды.

Бұған дейін бір ай көлемінде арнайы әзірленген жоспардың негізінде саптық жүріс пен әскери іске машықтанып, жуырда ғана әскери ант қабылдаған бөлім сарбаздары әскери қызметке бейімделіп қалды. Әскери қызметшілермен тең дәрежеде сапқа тұрады. Жауынгерлік әзірлік апталығында алғаш рет әскери бөлімнің аумағынан ұзақ қашықтыққа шықты. Қазір әскери мамандықтар бойынша білім алып, қызметтерін атқаруда.

# БІРІНШІ РЕТ ЖАРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫН ИГЕРДІ

***«Шығыс» тұраралық оқу-жаттығуы полигонында инженерлік-саперлік полктің әскери қызметшілері жарылыс жұмыстарының алгоритмдерін тәжірибеде алғаш рет пысықтады.***

Ең алдымен тәжірибелі нұсқаушылар мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге қауіпсіздік ережелері мен оларды өткізудің ерекшеліктерін түсіндірді. Жарылыс жұмыстары отпен және электрлік тәсілмен жүргізілді. Инженерлік-саперлік батальон командирі майор Қуатбек Мәулетқажиннің айтуынша, тәжірибелік бөлімнің алдында әрбір сапер жауынгерлік жарылғыш заттардың жіктелуін, дайындау тәсілдері мен олардың құрамдас бөліктерін пән бойынша зерделеді. Жақсы теориялық дайындық – қойылған міндеттерді сәтті орындаудың кепілі.

«Мен екі айдан астам уақыт қызмет етіп келемін. Бүгін жарылыс жұмыстарын жүргізудегі алғаш рет тәжірибеден өттім. Мұқиятты дайындалғанның нәтижесінде бәрі жақсы өтті. Командирлеріміздің нұсқауларын орындаудың іс жүзінде өте маңызды екеніне көзім жетті», - деді практикалық сабақтар жайында өз әсерімен бөліскен 54770 әскери бөлімінің әскери қызметшісі Жасұлан Нүсіпжан.

Жауынгерлік сабақ одан әрі жалғасуда. Алдағы уақытта сарбаздар бөлімшелердің құрамында түрлі инженерлік оқ-дәрілерді орнату, конструкциялардың элементтерін жою немесе бұзу үшін есептоптар жасау ережелерін игеретін болады.

**Алуа Искакова**



# ОСНОВА ГОТОВНОСТИ К ВЫПОЛНЕНИЮ ЛЮБЫХ УЧЕБНО-БОЕВЫХ ЗАДАЧ

***В Таразском гарнизоне состоялась проверка уровня физической подготовки военнослужащих, которую провели представители Спортивного комитета – Центрального спортивного клуба Министерства обороны. В рамках проверки военнослужащие воинских частей выполнили нормативы по физической подготовке на базе спортивных городков и стадионов.***

**Дина МУХАРИНОВА,**
**Владимир МАРТЫНЕНКО (фото),**
**пресс-служба Таразского гарнизона**

Физическая подготовка в армии – это основа готовности к выполнению любых учебно-боевых задач. Важно, чтобы занятия были разнообразными и соответствовали современным стандартам. Если тренировки проходят на высоком уровне, то и готовность армии к выполнению задач будет на должном уровне.

Военнослужащие частей Таразского гарнизона, как мужчины, так и женщины, проходили тесты на выносливость:



челночный бег, стометровка, бег на один и три километра, а также выполнение силовых упражнений.

– Основная цель нашей проверки – оценить организацию комплексного подхода к физической подготовке военнослужащих, – уточнил начальник отдела контроля и методологии физподготовки СК-ЦСК МО РК подполковник Мирхат Химеденов. – Мы смотрим не только на результаты тестов, но и на то, как организованы тренировки, какие условия созданы для занятия спортом.

Визит представителей Спортивного комитета – Центрального спортивного клуба Министерства обороны стал частью масштабной программы оценки физической подготовки военнослужащих всех Вооруженных Сил. Результаты проверки позволят руководству спортивного клуба не только оценить уровень спортивной подготовки военнослужащих, но и методику проведения занятий, а также условия для тренировок: соответствуют ли всем требованиям спортивные городки и инвентарь, которые используются в воинских подразделениях.

– Для нас проверка стала отличной возможностью проверить свои силы, понять, что нужно улучшить в тренировках, – отметил начальник отдела физподготовки Управления боевой подготовки Регионального командования «Юг» подполковник Мадияр Бабаханов. – Это мотивирует, помогает быть готовыми к любым задачам, которые могут встать перед нами. Наша цель – улучшить физическую подготовку военнослужащих на всех уровнях.

«В спортивном теле – здоровый боевой дух» – так перефразировали известное выражение военнослужащие Таразского гарнизона. Они постарались продемонстрировать свои лучшие спортивные качества. В воинских частях продолжается работа над улучшением уровня физической подготовки военнослужащих, активно совершенствуется методика тренировок, улучшается инфраструктура для занятий спортом. Это помогает подготовить солдат и офицеров к любой миссии и к выполнению самых сложных задач.



# ЛУЧШИЕ РУКОПАШНИКИ СИЛ СПЕЦИАЛЬНЫХ ОПЕРАЦИЙ

***В столичном спорткомплексе «Абырой» состоялся турнир по армейскому рукопашному бою на Кубок командующего Силами специальных операций Вооруженных Сил РК.***

Право обладания Кубком командующего ССО оспаривали более 50 военнослужащих в составе шести команд. Спортсмены международного класса и мастера спорта боролись в девяти весовых категориях.

Командующий Силами специальных операций полковник Айдос Мырзахметов отметил значение армейского рукопашного боя в повышении боевой выучки спецназовцев, совершенствовании их физической подготовки и укреплении морально-психологической устойчивости.

За боями на татами наблюдали председатель Спортивного комитета Минобороны РК – начальник Центрального спортивного клуба армии полковник Арман Абеуов, главный секретарь Ассоциации рукопашного боя РК Адил Кайырбаев, казахстанский борец вольного стиля, заслуженный мастер спорта РК, бронзовый призер Олимпиады в Лондоне Акжурек Танатаров, начальник штаба боевой и специальной подготовки Службы государственной охраны Антон Аманбаев, начальник отдела физической подготовки и спорта Главного командования Национальной гвардии РК полковник Сатжан Абишев.

По итогам соревнований первое командное место завоевали военнослужащие войсковой части 22750, второе – заняли спортсмены из войсковой части 36814, третье – разведчики войсковой части 20709.

Специальная номинация «Лучший спортсмен» была присуждена военнослужащему по контракту сержанту Бауыржану Султанову, номинации «За волю к победе» удостоился старший сержант Аскар Аскаров.

Чемпионы и призеры турнира были поощрены денежными призами и подарками. Лучшие рукопашники получат путевку на Спартакиаду Вооруженных Сил страны.

# УНИВЕРСАЛЬНАЯ СИСТЕМА

***В спортивном комплексе Карагандинской республиканской школы «Жас Улан» имени Дважды Героя Советского Союза Талгата Бегельдинова прошел чемпионат по армейскому рукопашному бою на Кубок командующего войсками Регионального командования «Астана».***



**Фархат КИНЖИТАЕВ,**
**Алмагуль ДАРМАНКУЛОВА (фото)**

Состязания проводились в рамках XXII спартакиады Вооруженных Сил РК по военно-прикладным и национальным видам спорта. В них приняли участие более 80 военнослужащих в составе десяти команд, представлявших воинские части и учреждения Акмолинской, Карагандинской, Костанайской, Северо-Казахстанской, Улытауской областей.

Обладателем переходящего Кубка командующего войсками Регионального командования «Астана» стала команда карагандинской войсковой части 31775. «Серебро» было присуждено сборной войсковой части 99260 из Костаная, «бронза» – войсковой части 06708 из Приозерска.

Начальник отдела физической подготовки и спорта Регионального командования «Астана» подполковник Эльдар Сартаев поблагодарил участников за высокий уровень профессионализма и пожелал им дальнейших успехов в спорте и службе.

– Армейский рукопашный бой – это не просто вид спорта, но и универсальная система защиты и нападения, которой должен владеть каждый военнослужащий. Участники чемпионата составили друг другу достойную конкуренцию и показали хорошие навыки владения приемами, – отметил подполковник Эльдар Сартаев.

Победители и призеры первенства по рукопашному бою были награждены медалями и грамотами.

# НЕ ОСТАНАВЛИВАТЬСЯ НА ДОСТИГНУТОМ

***Турнир по шахматам, шашкам и тогызкумалаку состоялся среди детей военнослужащих Регионального командования «Астана». В остроте ума состязались более 20 участников.***

**Фархат КИНЖИТАЕВ,**
**Айдын ТОНТАЕВ (фото)**

Основная цель мероприятия - повышение интереса детей к национальным играм, воспитание логического мышления, внимательности, умения быстро и точно рассчитывать различные комбинации, формирование воли к победе и других нравственных качеств. По итогам турнира ученица 7-го класса одной из карагандинских школ Адия Ерлан заняла призовое первое место по шахматам. На первом месте по шашкам расположился ученик 6-го класса Әли Мұратбек, а в тогызкумалаке сильнейшим оказался Адинұр Тимурұлы.

Асқар Серікбаев, офицер войсковой части 85510 Регионального командования «Астана», пожелал участникам турнира не останавливаться на достигнутом и побеждать как в спорте, так и в жизни.

- Шахматы и шашки, тогызкумалак заряжают разум энергией, воспитывают силу воли и твердость, развивают память, мышление, внимание. Это также отличный способ завести новых друзей, – отметил заместитель командира воинской части 99270 по воспитательной и идеологической работе Ерқанат Шағдабай.

Победители и призеры турнира были награждены грамотами, им были вручены наборы шахмат и шашек. Остальные участники тоже не остались без внимания.



SARBAZ

ҚР Қорғаныс министрлігінің тапсырысы бойынша шығады

Меншік иесі:
«ГИС Әскери Медиа» ЖШС

Шығарушы редакторлар
**Тимур АУБАКИРОВ**
**Ерлібай ҚАДЫРБАЙ**

Тілшілер:
**Рима ӘБЕУОВА**
**Нариман ДЮСЕНОВ**
**Марат ЖҮНІС-БЕК**

«Шығыс» ӨңҚ аймақтық тілші
**Алуа ИСКАКОВА**

«Астана» ӨңҚ аймақтық тілші
**Фархат КИНЖИТАЕВ**

Дизайнер
**Адил ШЕРИМБЕТОВ**

Корректорлар
**Сымбат НҰРХАЙДАРОВА**
**Наталья ВАРНАВСКАЯ**

Газет «Сарбаз» деген атаумен 2007 жылдың 2-тамызынан бастап шығады.
ҚР Инвестициялар және даму министрлігінде 2015 жылдың 30-сәуірінде тіркелген, куәлігі №5340-Г
Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасымен әркез сәйкес келе бермейді. Қолжазба мен фотосурет рецензияланбайды және кері қайтарылмайды.
Редакция автор материалын мазмұнын сақтай отырып өңдеуге, қысқартуға құқылы.
Газет жұма күні шығады.
Бағасы келісімді.

**Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 010000, Астана қ., Есіл ауданы, Комсомол тұрғын алабы, Домалақ ана көшесі, 11 үй.
Вебсайт: www. sarbaz. kz
**Тел/факс: 8 702 712 36 70**
**E-mail:** INFO@SARBAZ. KZ
Газет **«Алматы-Болашақ» баспаханасында басылып шығады. Алматы қаласы, С.Мұқанов көшесі, 223-Б**
Көлемі 3 б. т.
Офсеттік басылым.
**Индекс 604204**
**Таралымы 473 дана**
**Тапсырыс №5**

facebook.com/sarbaz.kz instagram.com/sarbaz.kz vk.com/sarbaz.kz twitter / @SarbazKz